

№1 Дәріс

Тақырыбы: Клиникалық балау туралы түсінік.

Дәрісте қаралатын сұрақтар:

- Пәннің мақсаты мен міндеттері және басқа пәндермен байланысы
- Симптом және синдромдар
- Диагноз туралы түсінік және түрлері

Дәрістің мақсаты

- Клиникалық балау- малдәрігерлігі бағытындағы ғылымдарының ең негізгі саласы, яғни мал ауруларын анықтау үшін қазіргі заманауи озық әдіс тәсілдерін қолдана отырып, малдың күй жағдайын, ауру барысын, өрбуін және оның алдын алу , болдырмау мәселелерін зерттейді.

- **Клиникалық балау** ветеринария мамандықтарының ірге тасы, негізі және мал дәрігерлерін дайындаудағы ең маңызды пропедевтикалық пән. Бұл пәнді пропедевтика деп атау себебі, ол клиникалық малдәрігерлігінің негізі, ірге тасы және кіріспе мағлұматтар беруінен. Клиникалық балау малдың ішкі аурулары, індеттану, хирургия, паразитология, акушерлік және басқа пәндердің негізін салушы пән.

- **Клиникалық балау** физика, анатомия, биохимия, микробиология және басқа да бағыттардағы ғылымдарға негізделеді.


Ауруларды анықтау негізінен бір бірімен тығыз байланысты үш бөлімнен тұрады:


1. ауру малдарды зерттеуде пайдаланатын әдіс тәсілдерді , басқаша айтқанда дәрігерлік диагностикалық техниканы үйренуге бағытталған.
2. Семиотикаға яғни аурулардың симптомдары туралы іліміне, олардың ауруларды анықтаудағы маңызына арналған.
3. Диагноз қоярда методологиялық ой негіздерін тудыруға, яғни ауруларды анықтайтын әдістерді қолданғанда дәрігерлік қисындылықты орнымен, жөнімен пайдалана білуге бағытталған.



Ауру малдың симптомдары мен синдромдары

- Мал ауырғанда организмде патологиялық өзгерістер пайда болып, ол ағзалардың қызметі мен құрылымына нұқсан келтіреді. Клиникалық зерттеу нәтижесінде ағзалар қызметінің өзгеруі қозғалыс барысында білінсе **СИМПТОМ** деп атайды.
- **Ауру белгісі** дегеніміз ауру салдарынан көзге көрініп тұратын организмдегі өзгерістер.









- Симптом **объективті** және **субъективті** болып бөлінеді. Субъективті симптомға қадағалап байқағанда білінетін белгі шаншу және басқалар. Ауруды анықтауда негізінен объективті симптом мен белгілерге сүйенеді. Симптом клиникалық білінуіне қарай:

1. Тұрақты және тұрақсыз
2. Маңызды және маңызсыз
3. Тән және тән емес
4. Патогномоникалық (жеке дара) немесе ерекше және кездейсоқ (қалыпсыз) болып бөлінеді.

- **Симптом** немесе ауру белгілері дерт өрбуінің алдын ала басталуына байланысты олар қолайлы, қолайсыз, қатерлі (қауіпті) және үмітсіз болып бөлінеді. Қолайлы симптомға жататындары ауру малдың тәбетінің пайда болуы, дене қызуының төмендеуі, бір қалыпқа түсуі, қолайсыз симптомға жүрек соғуының жиілеуі, тамыр соғысының әлсіреуі, тұнжырап әлсіздік басу.
- **Қатерлі** (қауыпты) симптомға , ішектің түйілуі немесе оның бір біріне кіріп кеткенде ішек жиырылуынан пайда болатын шуылдың естілмеуі жатады.
- Егерде сұйық шуылы жүрек тұсынан естілсе **үмітсіз** симптомға жатады.



Т	37.5 - 38.5
П	24 - 42
Д	8 - 16
Эр	60 - 12 млн/мм ³
Нв	8 - 14 г%
Цп	0.8 - 1.2
Лейк	7 - 12 тыс/мм ³



Т	37.5 - 39.5
П	50 - 80
Д	12 - 25
Эр	5 - 7.5 млн/мм ³
Нв	9 - 11 г%
Цп	0.7 - 1.1
Лейк	4.5 - 12 тыс/мм ³
Р	2 - 5

Аурулардың синдромдарына түсініктеме

- Кейбір патологиялық процесстерде симптомдар үйлесімді түрде кешен тобын құрады. Осындай, бір бірімен патогенетикалық түрде байланысқан симптомдар тобын **синдромдар** немесе **симптомокомплекстер** деп атайды.

- Синдромдар екі топқа бөлінеді: анатомиялық және функциональді болып. **Анатомиялық синдром** дегеніміз ауру ағзаның құрылысы бұзылғанда пайда болатын белгілері. Ал, **функциональді синдром** дегеніміз ауырған ағзаның тек қызметі ғана бұзылғанда естілетін белгілері.

Мал дәрігерінің негізгі этикасы (әдептілігі) және деонтологиясы

- Болашақ мал дәрігері ауру малдарды тексергенде мал дәрігерлік әдептіліктің және деонтологияның негізгі қағидаларын үйреніп кәсіби бағытта қолдана білуі тиіс.
- Кәсіби этика жұмыс бабындағы мінез құлық, әдептілігі ғана жатпайды, оған бірге істейтін қызметтес, мамандас, еңбектес адамдармен адамгершілік қарым қатынаста, келісімде бола отырып сыйласа білу де жатады.

Ауру тарихы

- Ауру мал туралы арнайы құжатқа барлық мағлұматтарды жазу, оның ішінде клиникалық және лабораториялық зерттеулердің нәтижесін бір жүйемен толтырып, оларды талдап, қорытындысын шығару.
- Ауру тарихы негізінен төрт бөлімнен тұрады:
 1. Ауру мал туралы жалпы мағлұматтар жинап оларды тексеру
 2. Ауру малды зерттеген кезде алынған мағлұматтарды тіркеп, диагноз қою
 3. Аурудың барысын және емдеуге қолданылған дәрілерді ережелері бойынша жазу
 4. Қорытынды (эпикризис) шығару

Диагнозға түсініктеме

- Ауруға диагноз қою өте жауапты мәселе, ол үшін тек зерттеу әдістерін жақсы игеріп қана қоймай алынған мәліметтерді дұрыс талдай білу керек.

Диагноздар былай бөлінеді:

1. **Дара диагноз** мұнда аурудың нақтылы малда өту ерекшеліктері ескеріледі.
2. **Тікелей диагноз** мұнда диагноз қою тек патогномоникалық белгілеріне негізделеді.
3. **Ажыратушы диагноз** мұнда түрлі әдістерді қолданып ауруларды бір бірінен ажыратады.
4. Диагноздың негізделу деңгейіне байланысты алдын ала қойылған диагноз, нақтылы диагноз, шешілмеген диагноз дейді.

Болжауға түсініктеме

- **Болжау** – патологиялық процесстің дамуының, өту барысының заңдылығын объективті көрсеткіштері арқылы түсініп болжамын айту. Болжам айтуға ауруды нәтижелі емдеп жазып алатын әдісін білу негіз болады.
 - Болжау екі бағытта болжанады. Біреуі **жайлы** деген бағытта, онда ауру малдар айығады. Екіншісі **жайсыз** деген тұжырым айтады. Мұнда ауру мал көбіне өлімге ұшырайды.
- Егерде болжаудан қате кетсе, онда диагноз дұрыс қойылмаған деп түсіну керек.

Қолданылатын әдебиеттер тізімі:

1. Молдағұлов М.А., т.б. “Жануарлар ауруының клиникалық диагностикасы” 2006 ж
2. Смирнов А.М. И др. “Клиническая диагностика внутренних незаразных болезней животных” 1988 г
3. М.А.Молдағұлов , Ө.К.Есқожаев т.б. “Жануарлар ішкі аурулары” Алматы ,2009
4. Ермаханов Ә.Н, Сиябеков С.Т.,Қамбарбеков А.Т,Қазиев Ж.І. “Жалпы аурутану” Алматы 2007
5. Сиябеков С.Т. Дәріс жиынтығы

- Келесі дәрістің тақырыбы:

№ 2 дәріс

Несеп жүйесін зерттеу. Несеп жүйесін зерттеудің маңызы.

Назар қойып
тыңдаандарыңызға

РАХМЕТ!!!